



Екі министрлік құрылды

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шараларына сәйкес Мемлекет басшысының Жарлығымен жаңадан екі министрлік құрылды.

Ақорданың ресми сайтындағы мәліметке сәйкес Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі құрылып, оған Ұлттық экономика министрлігінің ішкі және сыртқы сауда саясатын қалыптастыру және іске асыру, халықаралық экономикалық интеграция, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету, Сыртқы істер министрлігінің экспортты ілгерілету саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілді.

Сонымен қатар, жаңадан құрылған Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне Энергетика министрлігінің қоршаған ортаны қорғаудың, тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеудің мемлекеттік саясатын қалыптастыру және іске асыру, табиғи ресурстарды қорғау, оларды ұтымды пайдалануды бақылау және қадағалау, Ауыл шаруашылығы министрлігінің су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабықтық, су бұру, орман шаруашылығы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді.

Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатындағы өзгерістерге сәйкес Президент Жарлығымен Сауда және интеграция министрі болып Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі болып Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев тағайындалды.

Жаңа басшыны таныстырды

Сондай-ақ Президент Жарлығымен Ақтоты Рахматоллақы Райымқұлова Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі болып тағайындалды.

Министрлік ұжымына жаңа басшыны ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин таныстырды. Ол Ақтоты Райымқұлованың аталған саладағы жоғары біліктілігін атап өтіп, алдағы жұмысына табыс тіледі. Ведомствоны осы уақытқа дейін басқарып келген Арыстанбек Мұхамедиұлына алғысын жеткізді.

Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабының 4-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

- Мыналар:
 - Бауыржан Қыдырғалиұлы Байбек – Алматы қаласының әкімі;
 - Ғабдолла Рахметоллаұлы Әбдірахымов – Шымкент қаласының әкімі;
 - Ермек Боранбайұлы Маржықпаев – Ақмола облысының әкімі;
 - Ондасын Сейітұлы Оразалин – Ақтөбе облысының әкімі;
 - Аманжол Ғаббасұлы Баталов – Алматы облысының әкімі;
 - Нұрлан Асқарұлы Ноғаев – Атырау облысының әкімі;
 - Асқар Исабекұлы Мырзахметов – Жамбыл облысының әкімі;
 - Ерлан Жақанұлы Қошанов – Қарағанды облысының әкімі;
 - Архимед Бекежанұлы Мұхамбетов – Қостанай облысының әкімі;
 - Қырымбек Елеуұлы Көшербаев – Қызылорда облысының әкімі;
 - Болат Жұмабекұлы Бақауов – Павлодар облысының әкімі;
 - Құмар Іргебайұлы Ақсақалов – Солтүстік Қазақстан облысының әкімі;
 - Өмірзақ Естайұлы Шөкеев – Түркістан облысының әкімі;
 - Даниял Кенжетайұлы Ахметов – Шығыс Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалсын.
- Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ.**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 17 маусым.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ САРАП/2

Құндылықтарды құнттау

БІРЛІК/3

Сыр еліндегі Ресей күні

ПАЙЫМ/4

Анталияға тікелей ұшамыз



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

18 маусым /СЕЙСЕНБІ/ 2019 ЖЫЛ



№89 (19767)

КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫС

Сенім мен сабақтастық тұғыры



Еліміздің жетекші партиясы – «Nur Otan» тағы бір саяси белестен өтіп, алдағы бағдарын кезекті рет пысықтап, дамуың жаңа кезеңіне аяқ басты. Өткен науқан, уақыт талабы, қазіргі қоғамдық ахуал бірінші кезекке шығарған мәселелер партияның жұмысына біршама өзгерістер енгізіп отыр. Кеше облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қырымбек Кошербаевтың төрағалығымен партияның облыстық филиалы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Жиында нұротандықтар сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын қорытындылап, Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыруда партия алдындағы негізгі жұмыстарды талқыға салды.

Аймақ басшысы Президент сайлауында қызылордалықтардың 81,6 проценті сайлауға қатысып, 75,3 проценті Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты қолдап дауыс бергенін айтты.

Бұл – ауызбіршілігі мен ынтымағынан айнымаған Сыр халқының елдің болашағы айқындалатын сәтте Тұңғыш Президент-Елбасының сарабал саясатын жалғастырушы Қасым-Жомарт Кемелұлына артқан зор сенімі. Бұл – республика бойынша Алматы облысынан кейінгі екінші көрсеткіш.



– деді облыс әкімі.

Ақпан айында Елбасының қатысуымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері қаралған еді.

– Қашанда Сыр еліне көңіл ерекше Елбасы бұл жолы да халықтың талап-тілегіне, біздің ұсынысымызға өз қолдауын білдірді. Осы орайлы сәтті пайдалана отырып, Тұңғыш Президентімізге аймаққа жасаған айрықша қамқорлығы үшін облыс жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды білдіреміз және нәтижелі еңбекпен лайықты жауап береміз, – деді аймақ басшысы.



Сондай-ақ, облыс әкімі Мемлекет басшысының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы зор міндеттер мен ауқымды жұмыстарды атқаруды жүктегінін мәлімдеп, бұл міндеттерді жүзеге асыруға әлеуетеміз бен мүмкіндіктерді жететінін және оған қажетті алғышарттардың да бар екенін атап өтті.

– Кеңес отырысының нәтижесімен Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының Кешенді жоспары әзірленіп, Үкімет бұл қаулыны бекітіп, аймақтың дамуына келесі 3 жылға қосымша 219 млрд теңге қаржы бөлінді, – деді облыс әкімі.

Сайлауалды науқан кезінде 10 қоғамдық штаб құрылып, онда 1000-нан астам сенімді өкіл, 10 мобильді үгіт тобы жұмыс істеді. Штаб үгіт-насихат кезеңінде аудандар мен елді мекендерді қоспағанда республикалық және облыстық деңгейде 500-ге жуық іс-шара ұйымдастырып, 140 мыңға жуық сайлаушымен кездескен. Партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші

орынбасары Ақмарал Әлнзарова сайлау науқаны барысындағы ерекшеліктерге тоқталды.

– Сайлау науқаны жұмыстарындағы ерекшелік ретінде Президенттің жеке ұсынысы бойынша тұрғындардың толғандырып отырған мәселелері мен ұсыныстарын қабылдауға және мәселені бірлесіп шешуге бағытталған «Birge» акциясын, штабтар жанында жұмыс істеген «Team Qazaqstan» белсенді жастар қозғалысы жұмысын атап өтуге болады, – деді ол.

«Birge» акциясы аясында өңірде 32 мыңнан астам анкета жинақталған. Оның ауқымды бөлігі – кандидатты қолдау хаттары, ұсыныстар мен проблемалық мәселелер де қамтылған. – Талдау нәтижесі көрсеткендей, ұсыныстардың 15,7%-і әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету, 9,4%-і білім, 7%-і тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, 5,1%-і денсаулық сақтау жүйесіне қатысты. Өңірлік деңгейде жедел әрекет етуді талап ететіндерін сайлау науқаны барысында тиісті мекемелер шешті. Ал, стратегиялық, аймақтық және республикалық пакет мәселелері сарапталып тиісті органдарға жолданады, – деді А.Әлнзарова.

Облыс әкімі тұрғындардан келіп түскен сұрақтардың мұқият қаралуын және орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырды.

– Тұрғындардан келіп түскен арыз-шағымдарды жергілікті атқарушы органдар тыңғылықты қарап, оның орындалуын және мәселенің шешілуін қатаң бақылауға алысын. Арыз-шағымдардың орындалу барысы туралы тоқсан сайын талдау жасап, қорытындысын баяндап отырыңыздар, – деді.

Сондай-ақ, аймақ басшысы лауазымды тұлғалардың өтініш-

терді қарау мәселесінде жауапкершілік танытуларын ерекше атап өтті.

– Сырғытпа жауаптар мен сөзбұйалыққа салған қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі, қажет болса партиядан шығару және қызметтен босату мәселесіне дейін қаралатынын қатаң ескертемін! – деді облыс әкімі.



Облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов Президенттің экономикалық дамумен қатар өткір әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған бағдарламасына тоқталды. Көп мәселелердің шешімі қарастырылған облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуының Кешенді жоспарын, аймақтағы тұрғын үй құрылысының қарқыны, жан басына шаққанда әлеуметтік салаға бөлінген қаражат бойынша республикада қошбасшылық позицияда тұрақтағаны туралы атап өтті. Баяндамашының айтуынша, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың өсуінің қоғамға теріс әсер еткен тұстары да бар.

2-бет.

БІЛІМ

«Болашақтан» басталған баспалдақ

Ширек ғасырға жуық тарихы бар «Болашақ» университеті заман талабына сай жоғары білім беретін оқу орындарының бірегейі десек болады. Оқу орнында халықаралық талаптар деңгейіндегі оқыту үрдістері қолға алынған. Қазіргі таңда мұнда 41 бакалавриат, 6 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша оқытылады. Сондай-ақ, биыл қаланың сол жағалауынан іргелі оқу орнының жаңа ғимараты бой көтерді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

«Болашақ» университеті осы оқу жылындағы түлектерін сол жағалаудағы жаңа оқу ғимаратында салтанатты түрде шығарып салды. Айта кетейік, биылғы оқу жылын 1656 студент бітірсе, оның ішінде 12 студент қызыл диплом иегері



атанды. Түлектерге диплом тапсыру рәсіміне ҚР Президентінің кеңесшісі Б.Омаров қатысты. Салтанатты шарада университеттің

ғылыми жетекшісі Б. Досманбетов ерекше білімімен танылған қызыл диплом иегерлеріне құжаттарын табыстай тұрып, жас мамандардың елге адал еңбек етіп,

жаңа ғасыр талабына сай мықты маман болып қалыптасатындықтарына сенім білдірді. Сонымен бірге, университет басшылығы тарапынан оқу орнының қабырғасында жүріп, түрлі салада жетістікке жеткен талантты, табысты студенттердің ата-аналары Алғыс хаттар иеленіп, құрметке кенелді. Сондай-ақ, «Болашақ» университеті өз түлектеріне үнемі қолдау білдіріп, олардың жұмысқа орналасу мәселесін де назардан тыс қалдырмайды.

Шара барысында жүректері алып-ұшып, жаңа өмірге қадам басқалы тұрған жас түлектерге Н. Байқаламов, К. Бисенов, Б. Әбдікәрімов, Б. Сайлыбаев, И. Құттықожаев сынды аймақтың зиялы қауым өкілдері сәттілік тілеп, жылы лебіздерін арнады.

Арман құшағындағы албырт жастар ұстаздарына жүрекжарды алғыстарын жеткізіп, тебіреніске толы сәтті ән-жырға арқау етті.



Жаңақорған ауданының Бірік ауылында «Жастар жылы» аясында облыстық жастар слеті ұйымдастырылды.

Жаңақорғандағы жастар слеті

Жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау, ұлттық спорт ойындарын дөріптеуді мақсат тұтқан шарада қатысушылар ауылдың тыныс-тіршілігімен танысты. Слет делегаттары стадионды ұлттық мерекелер өткізуге арналған арнайы орындар, ауыл мешітін, жастар қолымен егілген алма бағын аралады. Одан әрі слет жұмысы пленарлық отырыспен жалғасты. Шараға аудан

жастары, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша ауылда қызмет етуші жастар, «Атамекен» балалар ауылының тәрбиеленушілері, «Жастар үйінің» тұрғындары, жас көсіпкерлер, мүмкіндігі шектеулі жастар қатысты. Слет жұмысы Жаңақорған ауданындағы «Үсен» бауында «Ұлттық ойындар фестивалімен» жалғасын тапты. «СБ ақпарат».

Сенім мен сабақтастық тұғыры



– Әлеуметтік көмек алу үшін әдейі ажырасу, жұмыстан өз еркімен шығу, табысын жасыру, отбасының табысы бар мүшелерін әдейі тіркеуден шығару еңбекке жарамды халық арасында масылдық көңіл-күйді қалыптастыруда. Бұл халқымызға тән отбасылық құндылықтардың жоғалуына әсер етеді, – деді ол.

Облыс басшысы халықтың әлеуметтік осал топтарын, оның ішінде көпбалалы отбасыларды қолдауды партиялық бақылауға алуды тапсырды.

– **Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдерімен бірлесіп, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қосымша қолдау шараларын ұсыну үшін 2019-2021 жылдарға арналған өңірлік Әлеуметтік жол картасын жүзеге асыру қамтамасыз етілісін және атқарылуына партиялық бақылау күшейтілісін, – деді аймақ басшысы.**

Сондай-ақ, облыс әкімі атауды әлеуметтік көмек тағайындау кезінде заңсыз төленген қаржы анықталса, бюджетке қайтару жөнінде шаралар қабылдауды және аз қамтылған отбасылардың балаларына ыстық тамақ пен қоғамдық көліктерде тегін жол жүрулерін ұйымдастыруды тапсырды.

– **Облыстық білім басқармасына қала және аудан әкімдерімен бірлесіп отырып, аз қамтылған отбасы балаларын тегін ыстық тамақпен және қалайық қоғамдық көліктерде тегін жүруін ұйымдастыруды тапсырамын. Сонымен қатар, мектептегі асханаларды таланқа сәйкестендіру, тамақтану сапасын көтеру бойынша жұмысты жеделдету қажет, – деп атап өтті.**

Партия филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов Президенттің саяси тұғырнамасының негізгі бағыттарының басында қамтырылған сыбайлас жемқорлықты жою мәселесіне тоқталды.

– Президент қыркүйек айына дейін жемқорлықты барынша төмендететін реформалар топтамасын дайындауды тапсырды. Өзіне тікелей бағынатын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігін құрып нақты шаралар қолға алынып жатыр. Олардың қатарында бағыныштылары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа барған жағдайда бірінші басшылардың орнынан түсу институтын іске асыру тетігі қосылтыны айтты, – деді ол.

Облыс әкімі қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық әрекеттері үшін басшының тікелей жауап беретіні туралы еске салды.

– **Президент қарамағындағы қызметкер сыбайлас жемқорлықпен айыпталып, қылмыс дәлелденетін болса, оған тікелей басы жауап беретінін айтты. Осы ұдайы естеріңізде болсын! – деді облыс әкімі саяси кеңестің кеңейтілген отырысында.**

Осыған байланысты аймақ басшысы сыбайлас жемқорлықпен күресті барынша күшейтуге бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізуді және



сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес жұмысын жандандыру мақсатында қосымша ұсыныстар беруді жүктеді.

Президент Елбасы бастамаларын одан әрі дамытып, саяси сабақтарын дәстүрлі жалғастыруды мақсат етті. Облыстық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының

жетекшісі, И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық жоғары колледжінің директоры Ибадулла Құттықожаев қоғамды толғандыратын өткір әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді қалыптасқан сабақтастық қағидаты бойынша шешу туралы ой қозғайды.

– Еліміздің жетекші партиясына үлкен жауапкершілік жүктелген. Мәслихаттағы фракция мүшелері сайлаушылар алдындағы аманаттарын орындауда белсенділік танытуы тиіс. Фракцияның алдағы отырысында ішкі делдерді тағы бір рет пысықтаймыз, – деді ол.

Мемлекет басшысы билік пен қоғамның алдында тұрған ең негізгі мақсаттардың қатарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жалғастыруды атады. Сыр өңірі – бұл бағдарламаға алғашқы болып үн қосып, өз алдына орталық құрып, іргелі іс бастаған облыс. Отырыста саяси кеңес мүшесі, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Онғарбаев ұлттық рухты ояту, жаңғырту тұрғысындағы ұсыныстарын ортаға салды. (Баяндаманың толық мәтіні осы нөмірде жарияланып отыр).

Мемлекет басшысы ұлықтау рәсімінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылатынын айтты. Халық пен билік арасындағы алтын көпір болатын сенімнің жұмыс тәртібі нақтылануда. М.Мөметова атындағы педагогикалық жоғары колледж директоры Бақытжан Сайлыбаевтың айтуынша, сайлаудан кейінгі толқулар екі араға диалог орнау керек екенін айқындап берді. Ұлттық сенім кеңесіне азаматтық қоғам өкілдері мен жастар тартылмақ.

– Бұл кәзіргі қоғамдағы наразылықтардың алдын алуға, халық пен билік арасына сенімді қарым-қатынас қалыптастыруға жол ашады. Қоғамда өзара сенім мен тұрақтылық болғанда ғана елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарыды, – деді ол.

Аймақ басшысы қоғамда масылдыққа жол берілмеуі маңызды мәселесі екенін атап өтті.

– **Өкінішке орай, қоғамдағы мына бір келесі көрініс туралы да айтып келеді. Бүгінде ұсынылған жұмыстан бас тартып, мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмекке қол жайып күн көруді әдет қылған адамдардың қатары азаймай тұр. Бұдан бөлек, өзі несие алып, қарызын қайтаруға келгенде құлықсыздық танытатын да азаматтар бар. Бұл – барып тұрған масылдық психология! Мұндай ойды түбегейлі өзгерту керек, – деді аймақ басшысы.**

Өңір басшысы қоғам, ел дамуына кері әсер ететін кері көзқарастан арылып, ерер еңбек, тынымсыз тіршілік арқылы мемлекеттің өсіп-өркендеуіне атсалысу әрбір азаматтың адал борышы екенін айтты.

Жиынды қорытындылаған облыс басшысы билік органдарының қызметіне бақылау жасаудағы партияның шешуші ролін атап өтті.

– **Билік партиясы, ең бірінші, биліктің қызметіне сын көзбен қарауы тиіс, уақытылы ескертіп, қажет болса тиісті шаралар қабылдауға мұрындық болуы керек! – деп нақтылады.**

Жиынды қоғам қайраткері Нұрмұрат Ерманов елдегі саяси өзгерістерге орай пікір білдірді. Саяси кеңес отырысында облыс әкімі әрбір ұсынысқа мән беріп, тиісті орган басшыларына жұмысты жетілдіру бағытында нақты тапсырмалар жүктеді.



Сезіңізін бағыт. «Рухани жаңғыру» құндылықтары біздің басты рухани бағарымыз болып қала береді. Тарихқа құрметпен қарау, Отанға адал болу, ғылым-білімге деген ұмтылыс – мұның барлығы біздің халқымыздың бойындағы асыл қасиеттер. Бұл қасиеттер біздің халқымыздың бірлігін және ұлтымыздың жасампаздығын нығайтады, бәсекеге қабілетті ел болуға жол ашады.

Қазақстанды болашаққа бастайтын – жастар. Сонықтан бұл бағдарламаны жас ұрпақты тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет.

(Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміндегі сөйлеген сөзінен.)

Құндылықтарды құнттау бағытымызды айқындайды

«СЫР МЕДИА» ЖШС БАС ДИРЕКТОРЫ А.ОНҒАРБАЕВТЫҢ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ САЯСИ КЕҢЕСІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті Қырымбек Елеуұлы! Құрметті әріптестер!

Біздің облыс «Рухани жаңғыру» бағдарламасына алғашқы болып үн қосқан, өз алдына орталық құрып, іргелі іс бастаған облыстардың қатарында. Бағдарлама қабылданғаннан беріде өз концепциясын 2 мәрте өзгертіп, елдің өткені мен бүгінгі арасында көптеген іс-шаралардың ұйымдастырылуына ұйытқы болды. Бастапқыда қолға алынған ауқымды бағдарламаға «Ұлы даланың жеті қыры», «Ауыл – ел бесігі» сынды іргелі бастамалар біріктірілді.

Жалпы, «Рух» сөзінің өзі – ауқымды кен философиялық ұғым. Ауыспалы мағынада «күш-қуат», «батылдық» дегенді білдіреді. Ал «Рухани» сөзі адамның «ой-санасына, ішкі дүниесіне байланысты, соған тән» деген ұғымға саяды. Біз, шын мәнінде, кәзіргі қоғамда адамның «ой-сана, ішкі дүние» әлемінің үлкен өзгеріс үстінде екенін пайымдауға тиіспіз және соған сай қызмет етуіміз қажет.

Қазір елімізде, әрине, біздің облысымызда да қыруар іс-шаралар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізілуде деп ауыз толтырып айтамыз. Алайда, осындай сансыз іс-шараман, қандай да бір «өтті», «кетті» жиындармен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы өз игілігін толықтырмайтыны, барлық жерде өтіп жатқан іс-шараларға мониторинг жасап отырумен рухани жаңғырмайтынымыз белгілі болды. Қазіргі таңда бізге ең маңыздысы – кеше жіберген олқылықтарды қайталамау. Жас бұрына 1917 жылғы революция мен 2019 жылғы эволюция арасында жоғалтқан дәстүр, ұлттық құндылықтарды жаңғырту мәселесін қалай ұғындырамыз?!

Қанша құрама болса да АҚШ-тың тұрғыны америкалықтың деген құрметке бас иеді. Ал бізде, соңғы уақыттарда қоғамымызда болып жатқан түрлі оқиғаларға қарап отырып отаншылдық сезім кеміп кетті ме деген ой жетелейді. Бізгедей қайбір пенделерге патриот деген ұғым бизнес, ақша секілді елейстейді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы «қалай ісең солай майысағын» жас өскінінің бойына қаршадайынан сіңіретін жүйеленген азық болуға тиіс. Мұның көзі – балабақша, мектеп, орта және жоғары оқу орындары. Білім бағдарламасына арнайы пәндер, оқу-әдістемелік құралдар, баланың ой еркіндігін қалыптастыратын мүмкіндіктер енгізілуі қажет. Балаларымыз өлке тарихын терең меңгеретін, сол арқылы ел қорғаған батыр бабаларымыз, би-шешен даналарымен, қасиетті-киелі жерлерімен, яғни өткенімен мақтанатын жүйе, желі қарастырылуы қажет. Өткен жылы «Алпамыс батыр», биылғы жылы «Қобыланды батыр» жырын оқуды жолға қойдық. Дұрыс, бірақ осы жырылардан қанша нұсқасы бар, қайсысы бала танымына жақын, қай нұсқа хрестоматиялық оқулыққа кіруі тиіс, оған мән беріліп жатқан жоқ.

Заманымыз өз қаражатына мектеп ашып, шет елде оқып жүрген қазақ балаларына стипендия төлеп тұрған, 1910 жылы тұңғыш рет қазақ романдарына бөйге жариялаған ұлтымыздың ерекше тұлғасы Есенұл қажы Мамақовтың атқарған қызметі қайта бастандыруға тұрарлық. Ол ел ертеніне үмітін жағып, халыққа бас болатын болашақтың білгірін іздеді. Бүгінгі тұғыры биік тұлғалар неге осы істі қайта қолға алмақ?! Мысалы, мененаттар бір-бір жасты қанатының астына алса, оларды ұлт тағдырына күресетін тұлғаға айналдырса, «Құлын қазанат болмай ма, бала азамат болмай ма, шыбық терек болмай ма, терек керек болмай ма?» деген тәмілге таңданбас едік.

Құрметті Қырымбек Елеуұлы!

Өзіңіз айтатындай, Сыр елі алпауыт өңіріндерімен, қабырғалы кәсіпорындарымен көп алдына шыға алмаса да, қаншада елдіктің, Отансүйгіштіктің символы болуымыз керек. «Сыр – Алаштың анасы» деген кәстерлі сөз бар. Осы қасиетті ұғымды біз қалай алып жүрміз. Ұлттың анасына балаған өңір қандай берекелі істерімен көрінуі тиіс. Түрлі-түрлі теңсіздіктерден орын алатын әлеуметтік шешіністерде біз не істей аламыз?!

Ымырасыз ел ыдырай береді. Белгісізден би, белдеусізден үй жасап жүрген кезімізде қарапайым қарындастан қаншалықты жырақ кеткеніміз байқалды. Айналып келгенде тауқымет тегеурініне шыдай алмай көшеге шыққан жандардың кешегісіне, әрі келешегіне көз жібердік пе? Олардың бірі –



қызымыз, бірі – келініміз, немесе апамыз, қарындасымыз. «Сенің қызың немесе келінің көшеде неғып жүр?» деген сөзге намыстанбайтын қазақ жоқ. Әр әулетте бүкіл туған туысы сөзіне ден қоятын, сыйлы, құрметті, дәулетті бір адам болады. Сол арқылы бұрынғы бабалар жолымен әлеуметтік қарым-қатынасты реттеуге талпыну нәтижелі болуы бек мүмкін.

Ұлттық рухты ояту, жаңғырту үшін алдымен ата қоныс – ауылдың рухын көтеру керек. Елдікті, теңдікті, ұлтқа тән дәстүр-ғұрыпты айтатын, ой-сананы жаңғыртатын ақсақалдарымыз қайда? Бізге бүгінгі таңда ақылдастар кеңесі бола ма, жоқ ақсақалдар институты бола ма, жана қоғамдық құрылымдар жасақтағанымыз жөн. Көрші өзбек елінде ақсақалдар кеңесін құрып, әр ауылда кеңсе ашып беріп, машина әперіп, ақсақалдарға елге, елдегі телі мен тентегіне ие бол деп тапсырма берілді. Бізге де әрбір ауылда аталы жолды көрсетіп, тентегін теге салып, ер мен әйелдің қоғамдағы орнын айқындап, қандай да бір қарым-қатынастың бітімді кесімі, түйінін шешімі айтылатын жүйе қалыптастырудың уақыты келді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының бұдан әрі қарайғы жолы «Ақсақалдар институты» және «Отбасы институты» дамыту арқылы жалғасу керек деп есептейміз. Ақсақалдар, дәл сондай аналар институттарын қалыптастыру арқылы ауыл-аймақ, аудан, облыс көлемінде ақсақалдар кеңесін күшейту керек. Олардың мақсат-міндеттерін, жалпы тұжырымдамасын әзірлеу қажет.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының бұдан әрі қарайғы жолы «Ақсақалдар институты» және «Отбасы институты» дамыту арқылы жалғасу керек деп есептейміз. Ақсақалдар, дәл сондай аналар институттарын қалыптастыру арқылы ауыл-аймақ, аудан, облыс көлемінде ақсақалдар кеңесін күшейту керек. Олардың мақсат-міндеттерін, жалпы тұжырымдамасын әзірлеу қажет.

Мұнымен қоса қазақтың бұрынғы дәулеттілерінің үлгісімен әулетіндегі жетім-жесірге, жоқ-жітікке, кедей-кепшікке қарасу деген мәселені қоғамдық деңгейде көтеру керек деп санаймын. Жасыратыны жоқ, кәзіргі уақытта «шіріген бай, бірақ қасық су қараспайды» дейтін сөздерді туыстар арасында жиі естиміз. Тіпті бір әулеттің бір-бірін танымайтын адамдары бары да рас. Бұл бүгінгідей байланысы әлсіреп бара жатқан туысқандық, ағайындық қарым-қатынасты күшейтетін бірден-бір жол болмақ. Егер осы істер қолға алынатын болса, түрлі мақсатта көшеге шығып кететін топтарға кіру, ықпал ету әлдеқайда оңай болар еді. Әрі көшеге шығып, мұқтаждығын айтып шулайтын әлеуметтік шиеленістердің алдын алады.

Қазір бірге тұрса да, заң тұрғысынан ажырасқан, жан бағу, жәрдем-ақа алу мақсатында жалғызбасты ана мәртебесіне ұмтылу мәселесі көбіейіп тұр. Неге отбасы құндылығы жәрдемақы желеуінің астында қалды? Осындай берекесіздіктің ұрпақ тәрбиесіне тигізер салқыны бүгіннен сезіледі. Нақты емес, бірақ нақтылыққа өте жақын деректер соңғы уақытта былайша сөйлейді. Республика бойынша 2018 жылы мың адамға шаққанда 631 некелесу болса, соның 299-ы ажырасқан. Ал 2019 жылы 4 айда әр мың адамға 306 ажырасу тіркелген. Қызылорда облысында бір жылғы 4 айда некеге тұрғандар саны 1723 жұп болса, 645 жұп ажырасқандар санатында. Аурулы жасырған өледі. Егер осы істердің алдын алуға ертерек қамданбасақ, ертең кеш болатыны айтамыз да түсінікті.

Ақсақалдар институты қарастыратын тағы бір мәселе – сыбайлас жемқорлықты жоюға атсалысу. Әр ауылдың ақсақалдар кеңесі тентекті тезге салудан бастап, ауылдағы «бармақ басты, көз қысты» жағдайларға жол бермеуді басты назарға алу керек. Сыбайластық сипатын сезсе, оны

тоқтату үшін алушы мен берушіні шақырып, ортаға салып, жөнге, сөзге тоқтату, (ақшасын не сыйлығын қайтарып бергізу), қайта жалғасатын болса, мәселесін облыс деңгейінде қарайтындай, құзырлы органдар назар аударып, нәтиже шығаратындай ақсақалдар кеңесінің қоғамдық салмағы болу керек. Мұнымен қоса қоғамдағы ер адамның рөліне қатысты қоғамдық шаралар мен форумдарды күшейту керек. Бұл әрбір ер адамның отбасындағы рөлін күшейтіп қана қоймайды, олардың қоғамда орны, үні болуына атсалысады деп есептеймін.

Қоғамдағы келенсіздіктің тағы бір түйткілі – жұмыссыздық. Еңбек болмаған жерде рух жаңғырмайды. Қазір мемлекет жұмыс көздерін ашуға, кәсіпкерлікке тартуға, тағысын тағы бастамаларға қолдау көрсетіп отыр. Ал ауылдардың көбінде жұмыс жоқ. Жастардың көпшілігі сабылып қалада жұр. Оларға рухани жаңғыру туралы айтудың өзі қысына келмейді. Сондықтан, жаңғырудың жолын қалай және неден бастаймыз деген сұрақ бірінші тұрға тиіс. Жоғарыда айтып отырған ақсақалдар немесе аналар институттарының айналысатын басты жұмыстарының бірі де осы болуы тиіс. Отбасын құруға ниетті жұрттарды айлық курстардан өткізу, отбасылық институттың талаптарын оқыту – бүгінгідей әрбір үшінші жас отбасының ажырауының алдын алар еді. Біз жастар бойында отбасылы болу, ұрпақ жалғастығы деген жауапкершілік сезімін арттыра түседі деген сенімдемін.

Тойдағы даңғазалық пен ысырапшылықты, ұлттық болмысымызға жат жөн-жоралғылар мен бейбедер дағдыларды тыю да – халықты рухани жаңғыртудың бір парасы. Әсіресе қазіргі заманауи той ұйымдастыратын орталықтардың жұмысын сараптап, олардың сиенарийін қарап, таразылай келе, ұлттық салт-дәстүр мен қазақы болмыстың сақталуына мән беру керек. Бұл да халықты рухани серпілтетін істің қатарында саналады.

Ерте заманда Ескендір Зұлқарнайын Сыр бойына жауласуға келіпті-міс. Ел етегіне еніп, біршама жол жүреді, қарсыласқан бірде-бір ескерді кездестірмейді. Бұған қолбасшы қайран қалып, «сен далаға не ел қайда жатыр?» деп сұрайды. Сол кезде ақылғы келесінісі: – Тақсыр, шын соғысты қанасаның, онда бұлардың ата-баба бейітін бузып, қабірді қорлау керек. Олар бұған шыдамайды, дереу соғысқа жиналады, – депті. Мұны естіген Зұлқарнайын: – Ата-баба аруағын құрметтеген халық – ең ұлы халық, ондай елмен соғысуға болмайды, сыйлау керек, – деген екен.

Ал біз кешегі тарихымызды, ұлтымыздың келешегі үшін күрескен бабаларымыздың өткенін қалай таразылап жүрміз? Бабалар басына құрметіміз қандай? Бір ғана мысал, облысымызда орналасқан ұлт тарихында Түркістан, Ұлытау секілді ерекше мың бар «Қарақұм құрлытайы», осы жиыннан бастау алатын әйгілі «Мың бала» жасағы неге мақтаншымызға айналмай келеді?! Ақиқетте жатқан Арыстан баб неге ұлықталмайды?! Кешегі заман ел тағдырының тізгінін ұстаған батыр бабаларымыздың басы неге жүдеу?!

Біз, «Сыр медиа» серіктестігіне қарасты басылмы тілшілері, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыста орналасқан киелі жерлерді, қасиетті ескерткіштерді аралап, ескінің мәні мен мағынасын, тәлімі мен тәрбиесін бөлісу мақсатында жұмыстарды қолға алдық. Бәрін айту мүмкін болмас, осы экспедиция барысында бір Арыстанбабтың өзіне соншалықты мән бермей отырғанымыз анық аңғарылады. Көпшілігіміз Арыстанбабтың жеті жерде жайы барын, оның екеуі Қазақстанда Отырар мен Ақиректе орналасқанын біле бермейміз. Бірі басы ауанып, балтыры сыздап, бірі аруақты бабаларын аңсап баратын осындай қасиетті жерлерге көңіл бөлмейтіндіміз көптің ренішін туғызары сөзсіз. Күре жолдың бойындағы Ақбай елді мекенінен небәрі 9 шақырым. Ақиқеттің басына жол тартып, су жеткізіп, жарық жүргізсек, онан сон заманауи кесене тұрғызылса, баба басына жасаған құрмет қана емес, туризмді дамытудың бастауы болар еді.

Бір сөзбен айтқанда, рухани жаңғырудың үлкен бір көрінісі өткенімізді құрметтеп, сонымен мақтана білуіміз. Бірігіп атқарар жұмыс ауқымы өте көп. Сол жолда абыройлы болуларыңызға тілектесімін!

Тыңдағандарыңызға рахмет!

КҮЛЖАН ӘУЕЗОВА – 90

Еңбектің ерен үлгісі

Сырдария ауданының «Бесарық» ауылында туған жерінің тұғырын биіктетіп, өз дәуірінің әлеуметтік-экономикалық ахуалын көтеруге ерекше еңбек сіңірген сауыншы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, Батыр ана Күлжан Әуезованың 90 жылдығына орай ауыл ортасынан көше беріліп, ескерткіш белгі қойылды.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

К.Әуезова 1929 жылы өмірге келген. 1950 жылы «Победа» колхозында сауыншы болып еңбек жолын бастаған. Кейін ол Жамбыл атындағы колхоз, онан соң СССР-дің 50 жылдығы атындағы совхоз болып құрылған. Бұл – қазіргі Сырдария ауданындағы «Бесарық» ауылының ізі. Күлжан анамыздың таңғы сағат 5-те тұрып, түнгі сағат 12-ге дейін сиырдың сауымымен, күтіммен айналысатын жанкешті еңбегін бүгінгілер аңыз қылып айтады. Тек өзінің ғана «тілін алатын» 50-60 сиырға ат қойып, әр сиырдан айына 3 мың литр сүт алған Күлжан анамыз қатарынан 17 жыл бойы облыс чемпионы атанған және оның осы еңбегін жастарға насихаттау мақсатында облыс бойынша К.Әуезова атындағы арнайы жұлде тағайындалған.

Көктеп-көгеріп келеді. Ауылды қамқорлыққа алған белгілі кәсіпкерлер ауыл үшін қала типтес етіп, гүлзарға бөлеп, халыққа қызмет көрсету кешендерінің бәрін заман талабына сай қайта салған. Міне, бұл Күлжан Әуезова сынды еңбек майдандарының ерен үлгісі, бар күш-жігерін туған жерін көркейтуге жұмсаған жанның өмір жалғастығы.

Осы жаңа үлгідегі ауылдық мәдениет үйінде К.Әуезованың өмір жолына арналған ғылыми-танымдық конференция өтті.

Шара барысында өмірден өткен әкелеріміз бен аналарымыздың бұдан 30 жыл бұрынғы қайталанбас сәттерін таспаға түсіріп алған Қызылорда қоғамдық телеарнасының туындысы тамашаланды. Ауыл өнерпаздары К.Әуезова өмірінен сахналық қойылым көрсетті. Еңбек даңқына бөленген Күлжан ана туралы жарық көрген жазушы Жұмабай Байзақұлының «Өнегелі өмір» деректі кітабының тұсаукесері жасалды.

Конференцияның алғысөзін алған Сырдария ауданы әкімінің кеңесшісі Б.Өтегенова атақты сауыншы Әуезованың еңбек еткен жылдарындағы ұрпаққа өнеге болған жақсы үрдістерді өңгемеледі.

Мұнан соң облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі Е.Уайыс, Бесарық ауылдық



округінің әкімі Н.Жүсіпова, ұстаз Б.Синяева, ардагер журналист Ө.Жаппархан, 1971-1974 жылдары К.Әуезовамен бірге Қазақ ССР депутаты болған еңбек ардагері Р.Жалғасбаева, Социалистік Еңбек Ері, шиегілік Ш.Қазанбаеваның қызы Ө.Жұмаділдаева, басқа да кісілер сөз алып, даңқты сауыншының өнегелі өмір жолы туралы ой-пікірлерін ортаға салды.

Ақын М.Нұрхан жыр арнады. К.Әуезованың ақын ұлы Елубай Әуезов өзінің ата-анасына, туған жеріне арнаған өлеңдерін оқыды.

Қорытынды сөзді еске алу шараларын өткізу жөніндегі қо-

миссия мүшесі, жазушы-журналист Жүзбай Танрықбаев алып, ол бүгінгі шараның еңбек жасалған алғашқы қадамдардың бірі екенін айтты. Сондай-ақ, шараға қатысқан, атсалысқан барша азаматтарға арнайы алғыс білдірді.

Шараның екінші жартысында ат шаптырылып, мәдениет үйінде келіндер сайысы өтті. Атка шапқандар тойдан олжалы оралса, келіндер сайысына қатысқандар қазақ әйеліне тән аналарымыздан қалған әдеп пен ибаны бойларына тоқығандықтарын танытып, көрерменге тамаша кеш сыйлады.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Сыр еліндегі Ресей күні

Қызылорда қаласындағы мәдениет және демалыс саябағында «Славяне» этномәдени бірлестігінің ұйымдастыруымен Ресей күндеріне орай этнос күні өтті. Оған қала тұрғындары мен облыстық этномәдени бірлестік жетекшілері мен белсенді мүшелері қатысты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Шарада «Қоғамдық келісім» КММ директоры Уәлихан Ыбыраев сөз алып, елімізде барлық этнос өкілдерінің тілін, мәдениетін, өз салт-дәстүрлерін сақтауына жағдай жасалғанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, елдегі бейбітшілік пен тұрақтылық, татулық пен келісім жайын сөз

етіп, бүгінде Қазақстан мен Ресей елдері арасындағы бірліктің жыл сайын артып келе жатқандығын жеткізді. Сондықтан этнос күні – көпұлтты қазақ еліне тән мәдениеттің бірлігі екеніне тоқталды. «Славяне» этномәдени бірлестігінің төрайымы Галина Шербакова славян халқы эт-

носаралық келісімді, тұрақтылық пен достықты сақтауда әрі нығайту жолында түрлі жұмыстар атқарылып жатқанын айтты.

Көтеріңкі көңіл күй сыйлаған кеште «Самочеты» және «Сударушки» ансамбльдерінің орындауындағы әндер мен билер, басқа да этномәдени орталықтардың би ұжымдарының қойылымдары болды.

Жалпы этнос күні ұрпақтардың ажырамас байланысын, халықтың рухани құндылығын, этномәдени бірлестіктердің татулығын тағы бір мәрте паш етті.

Хабарландыру

Ағымдағы жылдың 20 маусымында Энергетика министрі Қ.А.Бозымбаевтың өңірлерде видеоконференция байланысын қамтамасыз ету арқылы халық алдында есептік кездесуін өткізетіндігін хабарлаймыз. Кездесу барысында Энергетика министрі министрліктің қызметі, мұнай-газ, мұнай-газ-химия, уран, электр энергетикасы және қоршаған ортаны қорғау салаларының даму жоспарлары туралы баяндайды және сұрақтарға жауап береді.


Есептік кездесу осы жылдың 20 маусымында сағ. 15.00-де келесі мекен-жай бойынша өтеді: Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев даңғылы, 4 «Қазмедиа орталығы» ғимараты, Киноконцерт залы.

Видеоконференция байланысы 2019 жылдың 20 маусымында сағ. 15.00-де келесі мекен-жай бойынша өтеді: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі №3, «Облыстық мекемелер үйі» (облыс әкімдігі), 6-қабат мәжіліс залы.

Сұрақтар және ұсыныстар туындаған жағдайда мына телефон нөмірлері бойынша хабарласуды 8(7172) 786958, 786884, 786887, 786886 немесе электрондық мекен-жайға e.ermekuly@energo.gov.kz, u.akhmetova@energo.gov.kz жолдауыңызды сұраймыз.

Сонымен қатар, проблемалық мәселелерді Энергетика министрінің сайтында қызмет ететін «Энергетика министрінің халық алдында есептік кездесуі» форумдымен талқылауға болатындығын хабарлаймыз: <http://www.energo.gov.kz>.

Нұрлансын аяттармен қабіріңіз



зейнет демалысына шықты. Ардақты әкеміз анамыз Досқұл Абдулиманов бір шаңырақ астында 55 жыл мағналы жұмыр кешіп, бір қыз, төрт ұл тәрбиелеп, өмір-шөбере сүйді. Әкеміз өмірден өткенмен, адамгершілік қасиеті, мағналы өмірі біздің жүрегімізде мәңгі сақталды.

Шырайлы бір шалды көрсем, Әкем менің естейді. Бозарып атқан таңды көрсем, Жан әкеме теңеспейді.

Жарқыраса күннің көзі, Қолым оған жетпейді ғой. Жаба алмайтын түнін өзі, Шырай жүзін кетпейді ғой...

Әкеміз Төрбек Сапаровтың қонақасы 21 маусым күні сағат 18.00-де, жылдық асы 22 маусымда сағат 11.00-де болатынын барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдас, көрші-көлемге хабарлай отырып, қасиетті құранның ішінде болуға шақырамыз.

Еске алушылар Сапаровтар әулеті.

Академия дәріс өткізуде

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыс бойынша филиалында «Ыммен сөйлеу тілінің негіздері» тақырыбында семинар ұйымдастырылды.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Семинарға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммер-

циялық емес акционерлік қоғамының аймақ бойынша филиал мамандары қатысып жатыр.

Басты мақсаты – мемлекеттік қызмет көрсетуде есту қабілеті нашар және естімейтін адамдармен қарым-қатынас мәдениетін орнату. Сондай-ақ тыңдаушылар мұнда «Сәлемдесу», «Алғыс білдіру», «Құттықтау», «Кешірім сұрау», «Эмоция», «Сезім», «Жай-күй», «Құқық», «Зан», «Мемлекет», «Қоғам» тақырыптарында ыммен сөйлесуді меңгерді.

Ал оқу нәтижесінің соңында есту қабілеті нашар адамдарға белгілі бір қызмет түрін тиімді жеткізу үшін «Коммуникативтік минимум» дағдыларын анықтайтын сынақ тапсыратын болады.

Айта кету керек, бүгінде арнайы оқыту семинарына 22 тыңдаушы қатысып отыр. Қатысушыларға облыстық №6 есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзету мектеп-интернатының әдіскер-дефектологы, сурдоаудармашы Айткүл Садықова дәріс беруде.

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындауы туралы ақпаратқа талдау жүргізу қағидаларына 3-қосымша нысан

Табиғи монополия субъектісінің «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның 2015-2019 жылдарға арналған Қызылорда облысының елді мекендерін газдандыру және Қызылорда өндірістік филиалының жаңа активтерін жасау» инвестициялық бағдарламаны (жобаны) 2018 жылға орындау туралы ақпараты «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Қызылорда өндірістік филиалы газ тарату желілері бойынша тауарлық газды тасымалдау

№	Реттелін көрсетілген қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) жоспарлы және нақты ұсыну көлемдері туралы ақпарат	Іс-шаралардың атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіш көлемі		Инвестициялық бағдарламаның (жобаны) қосымша қызметі ұсыну кезеңі	Пайдалану мен ақпарат туралы есеп*	Инвестициялық бағдарламаның (жобаны) сомасы				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындаудың нақты көрсеткіштерімен салыстыру туралы ақпарат								Бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобаны) көрсеткіштерімен нақты қол жеткізілетін көрсеткіштердің ауытқу себептерінің түсіндірмесі	Ұсынылатын реттелін қызметтердің қызметтерін (тауарларды, жұмыстарды) сапалы мен сепшілігін ағуын бағалау	
				жоспар	факт			жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт					
																						Амортизация	пайда			Қарыз қаражаты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	
1.1		Машиналар, жабдықтар және беру құрылғылары	шт	1	1	2018ж		10 035	9 815	-220				9 815												
		Қызылорда қ., газды редуцирлеу торабында (ГРТ) орнатылған Gas Ultrasonic Flow Meter GT 3400, SN: 13-350216 ультратыптық септегіштің резервтік желісінде CPU төлемін күрделі жөндеу	шт	1	1	2018ж		2 437	2 413	-24	тендерлік рәсімдердің нәтижелері бойынша			2 413												
1.2		Қызылорда қ., газды редуцирлеу торабында (ГРТ) орнатылған SITOP PSU200M 10A, кіру AC 120/230-500В, шығу: DC24 В/10А, реттелетін электр қуат беру блогын ауыстыру	шт	1	1	2018ж		72	71	-1	тендерлік рәсімдердің нәтижелері бойынша			71												
1.3		Катодтық қорғаныс станциясын ауыстыру	шт	1	1	2018ж		1 335	1 240	-95	тендерлік рәсімдердің нәтижелері бойынша			1 240												
1.3.1		Қызылорда қ. басты газреттегіш пунктінде (БГРП) орнатылған катодтық қорғаныс станциясын ауыстыру	шт	1	1	2018ж		4 215	4 120	-95	тендерлік рәсімдердің нәтижелері бойынша			4 120												
1.3.2		Қызылорда қ. аныттық жерендірткіш ауыстыру	шт	2	2	2018ж																				
1.4		Қызылорда қаласында технологиялық жабдықтарды ауыстыру	шт	1	1	2018ж	6 466 289	190	189	-1	тендерлік рәсімдердің нәтижелері бойынша			189												
1.4.1		Қызылорда қ., ГРП-Арайда технологиялық жабдықтарды ауыстыру	шт	1	1	2018ж		584	583	-1	тендерлік рәсімдердің нәтижелері бойынша			583												
1.4.2		Қызылорда қ., ГРП-6А-да технологиялық жабдықтарды ауыстыру	шт	2	2	2018ж		190	189	-1	тендерлік рәсімдердің нәтижелері бойынша			189												
1.4.3		Қызылорда қ., ШРП-2-де технологиялық жабдықтарды ауыстыру	шт	2	2	2018ж		1 012	1 011	-1	тендерлік рәсімдердің нәтижелері бойынша			1 011												
1.4.4		Қызылорда қ., ГРП-2А-да технологиялық жабдықтарды ауыстыру	шт	2	2	2018ж		10 035	9 815	-220				9 815			142%	126%	3%	3%	0,4%	0,6%	3	1		
		Барлығы жоба бойынша																								

* «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының 2018 жылға аудиттелген қаржы есептемеіне сәйкес

«Қазгермұнайдың» «Үздік маман -2019» конкурсы аяқталды

Таяуда «Қазгермұнай» БК «Үздік маман – 2019» конкурсы аяқталды, оның жеңімпаздары анықталды. Конкурсқа қатысқан жұмысшы-қызметкерлер «Ақша-бұлақ» және «Нұралы» кеніштерінде, сондай-ақ компанияның бас офисінде сайысқа түсті. Конкурсқа серіктестіктің 139 жұмысшы-қызметкері қатысып, ол Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналды.



Өнеркәсіп жұмысшыларының еңбекке ынтықсыздығын арттыру, озат тәжірибесін насихаттау, кәсіби біліктілікті арттыру, олардың творчестволық белсенділігін ынталандыру, еңбек етудің озық әдістерін енгізу, өндіріс тиімділігін арттыру, мұнай-газ саласы бойынша жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру мақсатында ұйымдастырылған конкурс жоғары деңгейде өтті.

Конкурс мұнай және газ өндіру операторы, скважина зерттеу операторы, тауар операторы, жер қыртысындағы қысымды қалыптастыру операторы және басқа да мамандықтар бойынша өткізілді. Сондай-ақ одан газ электр дәнекерлеуші, токарьлар, мұнай кәсіпшілігіндегі жабдықтарды жөндейтін слесарьлар, газ комплексі қондырғыларының машинистері, химиялық анализ алу лаборанттары қатысты.

Конкурс екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезең бойынша теориялық білімдер сараптан өткізіліп, компьютерлік тестілеу жүргізілді. Әрбір номинация бойынша жақсы нәтижеге жеткендер 2-турға жіберілді. 2-кезеңде «Ақшабұлақ» кенішіне практикалық білім сараптан өткізілді.

Конкурстың қорытынды-

сын шығару кезінде теориялық біліммен қатар практикалық міндеттерді уақытында орындау, еңбек қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбек өнімділігін арттыру, басқа да талаптарға айрықша мән берілді. 2-кезеңнің барысын серіктестіктің бас директоры М.К.Мұстафаев, бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасарлары Ся Шинзонь және А.К.Мамадуханов қадағалады. Компанияның жетекшісі акпараттық технологиялардың дамыған заманында жұмысшы мамандықтарының беделі біршама жоғала бастағанын тілге тиек етіп, ал олардың беделін көтеруге аталған конкурстың

зор ықпал жасап отырғанын атап көрсетті. Мұрат Кеңесұлы кәсіпорынның ырғақты еңбегін қамтамасыз ету үшін конкурсқа қатысып, жеңімпаз атанғандардың еңбегі ерекше екенін айтты.

Әрбір номинация бойынша жеңімпаздар мен жүлделі орын алғандар «Құрмет» грамотасымен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ, олардың бір жылдық жалақысына қосымша үстемалық қосылды. Конкурсқа қатысқандардың барлығына серіктестіктің кәсіптік комитетінің ескерткіш сыйлықтары берілді.

Конкурста үздік деп танылған қызметкерлер алдағы уақытта «Қазгермұнай» ҰК компаниясының ұйымдастыруымен мұнай-газ саласындағы «Үздік маман» сайысына жолдама алды. Конкурсқа компания намысын қорғайтын болады. Конкурс жеңімпаздары: Г.Мерекеев, Н.Еламанов, Т.Мукатов, К.Ирсаитов, Р.Отарбаев, С.Жылыбаев, К.Тойболов, Л.Муратқызы, Б.Нуррадинов, З.Әлімдаров, Н.Тоғызбаев, Д.Анапияев. Алдағы сайыста үздік нәтижемен оралады деп сенеміз.

«Қазгермұнай» БК ЖШС баспасөз қызметі.

Құттықтау

Қызылорда қаласының тұрғыны, інім Өміржанов Тілектеске!



Тілектес, асқаралы 60 жасың құтты болсын! Өзіңе және отбасыңа зор денсаулық, шаңырығыңа шаттық, ырыс-береке тілейміз. Ұзақ жылдар бойы құқық қорғау саласында абыройлы қызмет жасап, зор құрметке бөленіп келесің. Кісілік келбетіңнен тағай, туған-туыстарыңа қамқоршы, отбасына ардақты, достарыңа адал, ел-халқыңның қадірмендісі болып, абыройың арта беруге ақ тілегімізді білдіреміз.

Балдарыңның анасы, немерелеріңнің сүйікті әжесі Ақзиямен ұзақ ғұмыр кешіп, ағайын-туыс, құда-жегіт ортасында балаларың мен немерелеріңнің қызығын көруді нәсіп етпей.

Ақ тілекпен, Нұрлыбай атамның ұрпақтары атынан ағам Аманкелді ӘБДІБАЕВ.



Әйтеке би кентіндегі №170 орта мектепте «Ахмет Байтұрсынұлы мұралары және латын әліпбиі» тақырыбында өткен облыстық семинарға облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі, тарих ғылымының кандидаты Н.Мыңжас, «Өрлеу» БАҰО-ның аға оқытушысы М.Орманова, облыстық мемлекеттік архивтің құжаттарды пайдалану және жариялау бөлімінің басшысы Ж.Алтынбаева және жалпы білім беру ұйымдарының мұғалімдері қатысты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Қазалыдағы кеңес



Шараға қатысушылар А.Байтұрсынұлының тіл тарихына қосқан үлесі, оның латын әліпбиі негізіндегі еңбектерін зерттеу жайлы айтылып, латын әліпбиін насихаттау бағытындағы мұғалімдердің іс-тәжірибелерімен танысу жайында ой бөлісті. «Тіл.Тарих.Тағылым» көрмесіне облыстық архив мұрағаттары және мұражай мұрағаттары қойылды.

Семинарда бірқатар мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері, тренинг, интеллектуалдық шоу, коучинг, дебат өткізіп, баяндама жасады. Аудандық білім бөлімінің әдіскері Эльмира Ержанованың «Латын әліпбиін насихаттау, оны жас ұрпаққа үйрету, оқыту бағытында атқарылған жұмыстардың есебі» тақырыбындағы хабарлама тияндалды. Семинар аясында ұйымдастырылған шаралар өзіндік мазмұндылығымен, шығармашылық тұрғыда ұйымдастырылуымен көп көңілінен шықты. Латын әліпбиін жас ұрпаққа кеңінен насихаттауда кәсіби іскерліктері мен педагогикалық шеберліктері танытып, тәжірибесімен білескен шығармашы мұғалімдер облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының «Алғыс хатымен» марапатталды.

Қазалы ауданы.


Мамандық жайлы мәлімет

Газеттің өткен сандарында алдағы он жылда сұранысқа ие болатын мамандықтар жайында жазылған болатын. Енді солардың кейбіріне талдау жасауды жөн көрдік. Яғни қай мамандық қандай қызмет атқарады деген сұрақтарға жауап беретін боламыз.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Урбанист-эколог. Экологиялық биотехнологияға негізделген жаңа қалаларды жобалаушы, құрылыс, энергетика және ластануды бақылау саласын қамтитын мамандық. Біздің ойымызша, мұндай мамандықтың иесі жеке қалдықтарды жинауды ұйымдастыруды (логистиканы қоса алғанда) қайта өңдеу материалдарына арналған нарықтық жағдайларды, қауіпті қалдықтарды басқару жүйелерін), қоршаған ортаны қорғау және қалыптастыру идеяларын орындауды (экологиялық сабақтар өткізу, БАҚ-пен жұмыс істеу, халықпен тұрақты қарым-қатынас жасау секілді), қаланың флорасы мен фаунасын сақтау және қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асырады. Сондай-ақ,

бұл тұрақты қала құрылысын жобалаушы қалалармен бірдей және олардың жеке кеңістіктерін жоспарлаумен қатар, жасыл ғимаратты, альтернативті энергия көздерін пайдалануды, қоршаған ортаға өзара әрекеттесуді тереңірек бақылауды және олардың қызметінде экологиялық қауіпсіздіктің басқа да көптеген факторларын ескере отырып түзетуді жүзеге асырады. Яғни, урбанист-эколог ең соңғы экологиялық биотехнологияны, жасыл құрылыстың принциптерін пайдаланады. Мұндай мамандар қалаларды дамыту бойынша нарыққа сұранысқа ие. Бүгінде жасыл қала жобасы Малайзияда, Қытайда, Біріккен Араб Әмірліктерінде, Үндістанда, Оңтүстік Кореяда және Еуропа елдерін-



де жобаланып, салынып жатыр. Экологиялық талаптарды арттыру үрдісін ескере отырып, бұл мамандық алдағы онжылдықта бізде де пайда болады.

Биотик (биотика саласындағы маман) – трансплантация және генетикалық үлгілеу жүргізілетін медициналық диагностикалық және биоинженерлік орталықтарының қызметін реттейтін және этикалық негізін қамтамасыз

ететін маман. Сонымен қатар биомедицина, биоинженерия, генетика, трансплантология саласындағы жаңа технологиялардың пайда болуына байланысты мораль, этикалық қағидалар, сондай-ақ, нормативтік-құқықтық қатынастар қалыптастырады. Бұл маманның мақсаты – адамзаттың өмір сүруін анықтайтын іргелі моральдық құндылықтарды қорғау болып табылады.

Өз кезегінде биотик келесі мәселелерді шеше алады:

Науқастардың құқықтарын (соның ішінде ВИЧ індетін жұқтырғандар, психиатриялық науқастар, балалар және басқа да құзыреті шектелген науқастар) қорғау;

Денсаулық сақтаудағы меншікті капитал; жануарлармен қарым-қатынас (биомедициналық технологияларды дамытудың экологиялық аспектілері); контрацепция және жана репродуктивті технологиялар (жасанды ұрықтандыру, ұрықтан кейін ұрықтандыру, жатырдың эмбрионын имплантациялау, суррогатты ана болу); адамдар мен жануарларға арналған эксперименттер жүргізу; өлімді диагностика критерийлерін әзірлеу; трансплантология; заманауи генетика (генодиагностика, гендік терапия және инженерлік); діндік жасуша манипуляциясы; клондау (терапиялық және репродуктивтік). Осындай күрделі зертханалық жұмыстар жасайтындықтан кез келген алынған қатарлы зертхана биотикпен кеңес алмай зерттеу жүргізбейді.

Бірлік мерекесі

Жексенбі күні қала тұрғындары татар этномәдени бірлестігі ұйымдастырған «Сабантой» мерекесінің куәсі болды. Шараға қатысушыларды бірлестік жетекшісі Ғалия Ғизатуллина мен «Қоғамдық келісім» КММ директоры Уәлихан Ыбыраев құттықтады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Тамыры тереңде жатқан тарихи «Сабантой» ұлттық мерекесін атап өту өңіріміздегі осы ұлт өкілдерінің достарына айналған. Бүгінде диаспора өкілдері ұлттық салт-дәстүрлерін қаймағын бұзбай сақтап келеді. Бұл мерекелік шара барысында да байқалды.

Мәселен, жиыңға қатысушылар ұлттық рәсімдерден бөлек қызықты ойын-сауық бағдарламасын ташаларды. Оның ішінде Татарстан елінен келген әнші Болат Зиганшиннің орындауындағы халық әндерін тыңдап, түрлі қойылымдарды көрді. Сондай-ақ, мереке барысында көрме ұйымдастырылып, онда жергілікті қолөнершілер өнімдері, татар халқының тарихынан сыр шертетін еңбектер ұсынылды. Сонымен қатар, кеш қонақтары татар ұлтының асханасымен танысып, чак-чак, губадий, эшпочмак, вак-балиш, белен тағамдарының дәмін татты.

– Өңірде сабантой он төртінші рет өткізілуде. Бұл мереке көктемгі егістік жұмыстарының табысты аяқтағанын білдіретін, береке мен бейбітшіліктің бастауы саналатын мереке. Кейінгі ұрпақ ұмытпас деген ниетпен мейрамын барлық дәстүрлерін ұстануға тырысамыз, – дейді татар этномәдени бірлестігінің жетекшісі Ғ.Ғизатуллина.

Мерекелік жиын барысында татар күресі – күреш, күш сынасу секілді спорттық ойындарды көпшілік қызыға тамашалады.

Жалпы салт-сананы, мәдениетті сақтау және ұлтаралық ынтымақтастықты нығайтуды көздеген «Сабантой» ерекше әрі сәтті өтті.

«Қызылорда-Анталья» бағытындағы чартерлік рейстің алғашқы ұшағы жолға шықты. Маусымдық рейс тамыз айының 25-іне дейін жалғасады.

Дәулет ҚЫРДАН.

Антальяға тікелей ұшамыз

– Антальяға әр аптаның жексенбісінде ұшады. «Сұңқар AIR» әуе компаниясының 148 орындық ұшағы қатынайды. Бұл – маусымдық рейс. Маусымның 16-сына басталып, тамыздың 25-іне аяқталады. Ал жолдама құны бір адамға 111 мың теңгеден басталады, – дейді «АқмеТур» туристік агенттігінің тур-

ризм менеджері Мәншүк Сәрсенбаева.

Ұшақ Қызылордадан тіке Антальяға 3 сағат 40 минутта жетеді. Естеріңізге сала кетейік, бұл рейс осыдан төрт жыл бұрын да ашылған еді. Өйткенмен, ол уақытта Антальяға Атырау арқылы бағыт алған. Биыл аталған бағыт бойынша әуе кемесі Туркияға тікелей апарарды.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы белгілі журналист Сапарбай Парманқұлға атасы Шалқар Оразымбетовтің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

МЕГА ОПТИКА

АСТИГМАТИКА ОРТАЛЫҒЫ

- ☑ Көз қарігері
- ☑ Оптикалық және күннен қорғайтын көзіңдіріктер
- ☑ Құрғаңілігі әр түрлі көзіңдіріктерді жөндей
- ☑ Жанамалы линзалар

ЖЕҢІЛДІКТЕР! СКИДКИ!

Барлық көзіңдіріктерге - 30%.
Күннен қорғайтын көзіңдіріктерге - 50%

Көзіңдірік сатып алсаңыз көзіңізді тегін диагностика жасап береміз!

1. Қызылорда обл., Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті, "АЙГҮЛ" С-Ұ, 2-қабат.
Тел. +7 775 979 90 85, +7 777 244 21 41 @kazaly_mega_optika

2. Қызылорда обл., Шиелі ауданы, "Ұлықбек" С-Ұ, +7 777 244 21 41 @megaoptikashiel